

Коммуналдық меншік объектілерін кейіннен өтеуін төлеп алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру Нұсқаулығын бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімиятының 2003 жылғы 25 қарашадағы N 242/11 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 8 желтоқсанда N 2136 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2008 жылғы 2 сәуірдегі N 70/4 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2008 жылғы 2 сәуірдегі N 70/4 қаулысымен.

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 16 мамырдағы N 177/4 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (ерекше бөлімі), облыс әкімдігінің 2001 жылғы 7 тамыздағы "Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық иелігіндегі немесе жедел басқаруындағы мүліктерді мүліктік жалға беру Ережелерін бекіту туралы" N 48/5 қаулысына сәйкес, коммуналдық меншікті пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған жұмыстарды реттеу мақсатында облыс әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған коммуналдық меншік объектілерін кейіннен өтеуін төлеп алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру Нұсқаулығы (бұдан әрі - Нұсқаулық) бекітілсін. < * >

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 16 мамырдағы N 177/4 қаулысымен .

2. Нұсқаулықтың сақталуын бақылау облыс әкімінің орынбасары В.З. Бочинге жүктелсін. < * >

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 16 мамырдағы N 177/4 қаулысымен .

Облыс әкімі

Облыс әкімдігінің
2003 жылғы 25 қарашадағы
"Коммуналдық меншік объектілерін
кейіннен өтеуін төлеп алу
құқығынсыз сенімгерлік басқаруға
беру қағидасын бекіту туралы"
N 242/11 қаулысымен бекітілген

Коммуналдық меншік объектілерін кейіннен өтеуін төлеп алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру нұсқаулығы <*>

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 16 мамырдағы N 177/4 қаулысымен .

Осы коммуналдық меншік объектілерін кейіннен өтеуін төлеп алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру нұсқаулығы (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (ерекше бөлімі) сәйкес, коммуналдық меншік объектілерін пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған жұмыстарды реттеу мақсатында әзірленген және коммуналдық меншік объектілерін кейіннен өтеуін төлеп алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға берудің тәртіптерін анықтайды. <*>

Ескерту. Преамбулаға өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 16 мамырдағы N 177/4 қаулысымен .

1. Жалпы ережелер

1. Нұсқаулықта мынадай негізгі түсініктер пайдаланылады:

- 1) "баланс ұстаушы" - балансанда сенімгерлік басқаруға берілген Мүлігі бар коммуналдық заңды тұлға (бұдан әрі - Баланс ұстаушы);
- 2) "пайда алушы" - Шартта көрсетілген тұлға, Мүлікті сенімгерлікпен басқарушының (бұдан әрі - Пайда алушы) мүддесіне қарай жүзеге асырады;
- 3) "шарт" - Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты (бұдан әрі - Шарт);
- 4) "мүлік" - коммуналдық меншік объектілері (бұдан әрі - Мүлік);
- 5) "комиссия" - құрылтайшы құрған тендер комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия)
- 6) "басқарушы" - Шарт бойынша сенімгер басқарушы болып табылатын жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі - Басқарушы);
- 7) "қатысушы" - тендерге қатысу үшін өтінімдерді және Комиссия белгілеген тиісті құжаттарды уақытында ұсынған жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі - қ а т ы с у ш ы) ;
- 8) "құрылтайшы" - облыс қаржы департаменті - Мүлікті сенімгерлік басқаруға беруге уәкілетті және Шарт бойынша құрылтайшы болып табылатын м е м л е к е т т і к о р г а н ;
- 9) "уәкілетті орган" - коммуналдық заңды тұлғаларға қатысы бойынша коммуналдық меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыратын орган (б ұ д а н ә р і - У ә к і л е т т і о р г а н) ;
- 10) "мемлекеттік басқару органы" - облыстық бюджеттен қаржыландырылатын әкім уәкілеттілік берген атқарушы орган (бұдан әрі -

Мемлекеттік басқару органы). <*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 16 мамырдағы N 177/4 қаулысымен .

2. Құрылтайшы Мүлікті кейіннен өтеуін төлеп алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімді Уәкілетті органның немесе облыстық бюджеттен қаржыландырылатын Мемлекеттік басқару органының қолдау хаты негізінде қабылдайды .

Ө т і н і ш т е :

- 1) Пайда алушы туралы түсініктер;
- 2) пайданың сипаты;
- 3) Мүлікті беру негізі;
- 4) Шарттың елеулі жағдайлары болуы керек. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 16 мамырдағы N 177/4 қаулысымен .

2-1. Құрылтайшы облыс қаржы департаменті алқа шешімінің негізінде сенімгерлік басқарушыға қосымша құқықтар беру туралы шешім қабылдайды. <*>

Ескерту. 2-1 тармақпен толықтырылды - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 16 мамырдағы N 177/4 қаулысымен .

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында басқаша қаралмаған болса, кез келген тұлға Басқарушы бола алады. Басқарушыны тағайындау тек оның келісімі бойынша жүргізіледі.

2. Мүлікті сенімгерлік басқаруға берудің тәртібі

4. Мүлікті сенімгерлік басқаруға беру екі әдістеме арқылы:

- 1) мақсатты пайдалану бойынша;
- 2) тендер негізінде жүзеге асырылады:

4-1. Құрылтайшы беру тәсілі туралы шешім қабылдайды. <*>

Ескерту. 4-1 тармақпен толықтырылды - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 16 мамырдағы N 177/4 қаулысымен .

5. Мүлік, соның ішінде тарихи, мәдениет және сәулет ескерткіш-ғимараттарын сенімгерлік басқаруға беру осы Мүлік үшін ең төмен жалдау төлемінің сомасына Пайда алушының мүддесінде жұмыстарды (қызметтерді) орындау шартында жеке және заңды тұлғаларға беріледі. <*>

Сумен қамту, жылумен және электр қуатымен жабдықтау объектілерін сенімгерлік басқаруға тапсыру монополияға қарсы уәкілетті орган бекіткен тарифтік сметада көзделген шығындар сомасы мен көрсетілген объектілерге амортизациялық аударымдар шегінде Пайда алушының мүддесіндегі

жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындау шартында жүргізіледі. <*>

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 16 мамырдағы N 177/4 қаулысымен .

Ескерту. 5-тармаққа толықтыру енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2006 жылғы 27 қыркүйектегі N 266/10 қаулысымен .

5-1. Күрделі ауру түрлерімен ауыратын ересек және балалардың мәселелерін шешуге бағытталған жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге, қайырымдылық қызметімен айналысатын коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар, қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ өз қызметін әлеуметтік бағыттағы мемлекеттік бағдарламалардың шеңберінде іске асыратын қоғамдық бірлестіктерге Мүлікті мақсатты, қаржылық пайдасыз, сенімге берілген Мүлікті ұстау және сақтау шарты бойынша тапсыруға болады. < * >

Ескерту. 5-1 тармақпен толықтырылды - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 16 мамырдағы N 177/4 қаулысымен .

6. Барлық жеке және заңды тұлғаларға Мүлікті беру тендерлік негізде жүзеге асырылады . < * >

Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 16 мамырдағы N 177/4 қаулысымен .

7. Тендерді өткізу үшін құрылтайшы жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдары өкілдерінің (келісім бойынша) және орталық атқарушы органдары аумақтық бөлімшелерінің қатысуымен Комиссия қалыптастырады .

Комиссияның төрағасы құрылтайшының өкілі, жұмысшы органы - құрылтайшы болып табылады .

8 . Комиссия :

- 1) тендер шарттарын бекітеді;
- 2) тендер өтінімдерінің шарттарын қарайды және жеңімпаздарды анықтайды.
- 3) белгіленген тәртіпте тендер өткізу туралы ақпараттық хабарды жариялады ұйымдастырады .
- 4) өз жұмыстарының тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 5) қажет болған кезде тәуелсіз сарапшыларды немесе кеңесші фирмаларды (келісім бойынша) тартады ;

б) тендерге қатысуға Комиссияға ұсыну үшін белгілеген нысанда өтініштерді және басқа да құжаттарды қабылдауды, тіркеуді ұйымдастырады, қатысушыларға ұсынған құжаттардағы кемшіліктерді қысқа мерзімде жою керектігін хабарлайды (басқа қалалардың қатысушылары үшін тендерге қатысуға өтініштердің тіркелген күні өтініштерді жіберген уақыты туралы пошталық белгісі болып есептеледі);

7) қатысушылардың тендерді өткізу тәртібімен, Шарттың жобасымен танысуын қамтамасыз етеді;

8) тендер жеңімпазын анықтайды;

9) тендер нәтижесі туралы хаттамаға қол қояды.

9. Тендер өткізу туралы ақпараттық хабарлама тендер өткізетін күнге дейін 15 күннен кешіктірмей республикалық ресми баспасөзде мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

9.1. Тендерге өтінімдердің болмаған жағдайында құрылтайшы объектіні пайдалану жөнінде басқа шешім қабылдайды. <*>

Ескерту. 9-1 тармақпен толықтырылды - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 16 мамырдағы N 177/4 қаулысымен .

10. Тендерге өтінімдерін және басқа да Комиссиямен бекітілген қажетті құжаттарын уақытында өткізген жеке және заңды тұлғалар қатысуға жіберіледі.

11. Кепілдік жарна қатысушылардың мынадай міндеттерді орындауын:

1) жеңімпаз атанған кезде тендер нәтижесіне қол қоюын;

2) хаттама негізінде Шарт жасауын қамтамасыз етеді.

Кепілдік жарнаны Комиссия тендерді ұйымдастыру, оны дайындау және өткізу шығындарын жабу мөлшерінде белгілейді.

12. Тендерге қатысу үшін Комиссияның қарауына мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

1) Комиссия белгілеген нысан бойынша тендерге қатысуға өтініш;

2) енгізілген кепілдік жарнаны растайтын төлем тапсырмасының көшірмесі;

3) жеке конвертте жабылған тендер шарттары туралы жазбаша түрдегі ұсыныстар;

4) алынып тасталды

Ескерту. 12-тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталды - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 16 мамырдағы N 177/4 қаулысымен .

Заңды тұлғалар қосымша нотариалды расталған құрылтайшылық құжаттардың, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органда олардың мемлекеттік тіркеуден өткенін растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

13. Тендерге қатысу үшін өтінімдерді қабылдау оны өткізуге 3 күн (72 сағат) қалғанда аяқталады. Белгіленген мерзім өткенде өтініштерді және құжаттарды қабылдау тоқтатылады.

14. Тендерге қатысушы өзінің ұсынысын жазбаша түрде тендерді өткізуге кем дегенде 3 күн (72 сағат) қалғанда қайтарып алуға құқылы.

15. Комиссия жеңімпаздарды анықтауға қойылған талапқа (талаптарға) сәйкес қатысушылардың ұсыныстарын қарайды. Комиссия жобаларға тәуелсіз сараптамалар жасауға құқылы. қатысушылардың өтінімдерін сарапшы топтарының қарау мерзімі 15 күнмен шектеледі.

Тендерге бір өтінім берілген жағдайда объект өтінім берушіге мақсатты бағытта тапсырылады. < * >

Ескерту. 15-тармақ толықтырылды - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 16 мамырдағы N 177/4 қаулысымен .

16. Комиссия шешімі оның мүшелерінің көпшілік дауыс беруімен қабылданады .

Дауыс берушілер тең болған жағдайда шешуші дауыс төрағанікі болып табылады .

17. Комиссия шешімі Комиссия мүшелері және төраға, сондай-ақ тендер жеңімпазы атанған қатысушының қолдары қойылған хаттамамен ресімделінеді.

18. Тендерге қатысуға кем дегенде 3 күн (72 сағат) қалғанда бас тартқандардан басқа, жеңімпаз болмаған қалған қатысушыларға тендер жеңімпазы жарияланған күннен бастап 10 банкілік күн ішінде кепілдік жарна қайтарылады, тендерде жеңген қатысушыға кепілдік жарна қайтарылмайды. Қайтарылмаған кепілдік жарна жергілікті бюджет кірісіне аударылады.

19. Тендердің нәтижесін жеңімпазды жариялаған уақыттан бастап бес күнтізбелік күн ішінде құрылтайшы бекітеді. Тендер нәтижесі бекітілмеген, тендерге қатысуға өтінімдер болмаған немесе жеңімпаздың бекітілмегені туралы Комиссия шешім қабылдаған кезде құрылтайшы Комиссияға оның шарттарын өзгертуді мәлімдеп, жаңа тендер жариялауға құқылы.

20. Тараптар тендер нәтижесін құрылтайшы бекіткеннен кейін кем дегенде 10 күн ішінде Шартқа қол қоюға тиісті. Сенімгерлік басқаруға берілген, қолдары қойылған қабылдау-тапсыру актісі Шарттың бөлінбейтін бөлігі болып табылады.

21. Мүлікті сенімгерлік басқаруға беруде беру кейіннен төлеп алу құқығынсыз және иемденуіне беру басқа негіздер бойынша жүзеге асырылады.

Шарттың мерзімі аяқталған немесе оның іс-қимылы мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде борыштары мен міндеттемелері жоқ сенім білдірген Мүлік сол құрамымен жағдайында Басқарушыға қайтарылуы тиіс.

22. Басқарушы Шарт негізінде Пайда алушының мүддесіне Мүлікті басқаруды жүзеге асырады .

2 3 . Ш а р т т а :

- 1) Шарттың мәні және мерзімі;
- 2) сенімгерлік басқаруға берілген Мүліктің құрамы;
- 3) Пайда алушы туралы нұсқаулық;
- 4) Басқарушы есебінің мерзімі мен нысаны;
- 5) Шарттың іс әрекеті тоқтатылған жағдайда, сенімгерлік бойынша берілген Мүлікті алған тұлға туралы нұсқаулық;
- 6) Сенімгерлік бойынша берілген Мүліктің және Басқарушы өзіне жүктелген

міндеттерді жүзеге асыру кезінде сатып алған және (немесе) алған мүліктің құрамына құқығын қосуға нұсқаулық;

7) егер өзгесі Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделмесе, сенімгерлік бойынша берілген Мүлікті ұстау, өз есебінен оған жөндеу жүргізу жөніндегі Б а с қ а р у ш ы н ы ң м і н д е т і ;

8) Басқарушының Шарттағы және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген шараларды бұзбау жауапкершілігі қаралады;

Шартта Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қарама-қайшылық келтірмейтін өзге де шарттар қаралуы мүмкін.

9) сенімгерлі мүліктің жүргізілген жөндеуіне сараптау өткізуге тиісті қызметтерді тарту жөніндегі Басқарушының міндеттері. <*>

Ескерту. 23-тармақ 9) тармақшамен толықтырылды - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 16 мамырдағы N 177/4 қаулысымен .

24. Басқарушы сенімгерлік басқаруға берілген Мүлікті басқаруды, егер шартта қаралмаған болса өзі жүргізеді.

25. Шартта тараптар міндеттерін тоқтататын жалпы негіздерімен қатар:

1) азамат Басқарушының қайтыс болуына, оның қайтыс болуы жарияланумен немесе іс әрекетке қабілетсіздігі шектелуіне, хабарсыз жоғалуына;

Басқарушы-заңды тұлғаның таратылуына;

2) Басқарушының немесе құрылтайшының сенімгерлік бойынша берілген Мүлікті басқаруға жүзеге асыруға жеке мүмкіндігі болмауына;

3) егер Шартта Басқарушыға келтірілген залалдарды және сыйақыларды төлеу шаралары қаралған болса Шарттың міндетін орындаудан құрылтайшының б а с т а р т у ы н а ;

4) Мүлік кепілдігі ауыртпалығын өтеген басқармаға сыйақы төлеумен оған беру туралы хабарламаған жағдайда, егер бұл шартта қаралған болса, Басқарушының бас тартуына байланысты тоқтатылады.

26. Сенімгерлік бойынша берілген Мүлікті иемдену құқығына берілуі, Мүлікті сенімгерлік басқаруға беруді тоқтатпайды.

27. Шартты тоқтатқан жағдайда, сенімгерлік бойынша берілген Мүлік Шартта көрсетілген тұлғаға беріледі.

28. Мемлекеттік кәсіпорын банкротқа ұшыраған жағдайда, жарғы капиталына кіретін Мүлік, сенімгерлік басқаруға беріледі, Мүлікті сенімгерлік басқару тоқтатылады және сенімгерлік бойынша берілген Мүлік конкурстық жиынға беріледі.

3. Дауларды шешу

29. Осы Нұсқаулықта реттелмеген барлық мәселелер бойынша Шарттың тараптары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама нормасын б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы . < * >

Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 16 мамырдағы N 177/4 қаулысымен .

30. Мүлікті сенімгерлік басқаруға берген кезде туындайтын даулар тараптардың өзара келісімі бойынша немесе сот арқылы қаралады.